

«Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

1 сыныпта «Шахмат» үйірмесі бойынша жүргізілген жұмыстардың жылдық

АНЫҚТАМАСЫ

2024-2025 оқу жылының басынан 1 сыныпта Шахмат үйірмесі жүргізілуде. Үйірме жоспарға сай бекітілген. Аптаның әр бейсенбі күні шахмат үйірмесі өткізіледі, үйірмеге 6 оқушы қатысады. Аптасына 1 сағат, жылдық жоспарда 33 сағат. Шахмат үйірмесінің мақсаты мен міндеті түсіндіріліп, әр сабақ сайын әдіс-тәсілдері пысықталып отырады.

Шахмат-интеллектуалдық спорт түрі ғана емес, сонымен бірге баланың ойлау қабілетін дамытудың керемет құралы. Шахматтың оқушы дамуына орасан зор мүмкіндіктерге ие екенін В. А. Сухомлинский де айтқан болатын. Біздің ойымызша, бала тәрбиесіндегі ойынның түрлері, соның ішінде логикалық ойлау қабілеттерін дамытатын шахмат ойыны – бұл адамның мінез-құлқын, өзі басқару мен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдайлар негіздегі іс- әрекеттің бір түрі болып саналады. Сондықтан, адам баласының дүниетанымы кеңейеді, сөздік қоры, ойлау қабілеті дамиды, білім сауаттылығы математика, физика, химия сияқты пәндеріне көп септігін тигізері хақ.

Оқушылардың ойынды жүйелі жүргізу қабілетіне қарай деңгейге топталған.

Оқушылардың шеберлігін шыңдау мақсатында оқушылар арасында жарыстар ұйымдастырылады.

Алдағы уақытта да ойнаушылардың қатарын толықтырып, тактикалы әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып қалта телефондарына мобильді нұсқасын жүктеп, ойындар ойнап, шеберліктерін ұштап, компьютерде деңгейлік ойындарды ойнап отыруы өздері үшін нәтижелі болатыны туралы кеңес бердім.

Үйірме жетекшісі: Унгарова С.М.